

ҒТАР 16.21.27

Ғылыми мақала

Айнұр Абдыкадырова¹, Осман Йылдыз²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан²Сүлеймен Демирел университеті, Ыспарта, Түркия
(E-mail: aikusian@mail.ru)**Қазақ анимациясындағы Абай мұрасы: бала дискурсы және медиалингвистикалық бейімделу**

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының тілдік-философиялық мұрасын қазіргі қазақ анимациялық медиамәтіндерінде бейімдеу үдерісі медиалингвистикалық және когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан кешенді түрде талданады. Зерттеудің өзектілігі – анимациялық медиамәтіндердің балаларға ұлттық-рухани кодты сіңірудің ең тиімді, эмоционалды және көркем құралдарының біріне айналып отырғандығында. Зерттеудің мақсаты – Абай концептілерінің («ақыл», «жүрек», «қайрат», «ар», «еңбек», «адам болу») мультимедиялық дискурста қалай бейнеленетінін, қандай семиотикалық, интонациялық және когнитивтік тетіктер арқылы жүзеге асырылатынын анықтау.

Зерттеу сапалық сипаттағы әдістерге негізделіп, контент-талдау, дискурстық және прагматикалық актілерді саралау, медиасемиотикалық карта жасау, концептуалды араласу теориясы мен лингвоконцептологиялық тәсілдер қолданылды. Мақалада зерттеу нысаны ретінде «Баларан» арнасында көрсетілген «Мұзбалақ», «Күлпаш», «Қойшы мен Ұры», «Ер Төстік» сияқты отандық анимациялық мультфильмдер таңдалды. Нәтижесінде Ұлы ойшылдың ілімі үш деңгейде бейімделетіні белгілі болды: дидактикалық – кеңес пен бұйрық үлгісіндегі тікелей репликалар арқылы, әрекеттік – кейіпкердің шешім қабылдауы арқылы, метафоралық – визуалды және интонациялық кодтар арқылы беріледі. Сонымен қатар зерттеу төрт теорияны: медиалингвистиканы, бала дискурсы, когнитивтік-прагматика және лингвоконцептологияны өзара байланыста қарастырып, олардың арасындағы теориялық және әдіснамалық тартысты айқындайды. Бұл теориялардың әрқайсысы бала қабылдауына әр қырынан ықпал етеді. Бірі көрнекілік пен интонацияға мән берсе, екіншісі ұғымдық тұтастықты сақтауға бағытталған. Зерттеу қорытындысы мультимедиялық бейімдеудің семиотикалық кешені ретіндегі маңызын көрсетіп, ұлттық таным мен тәрбиенің заманауи кодтау үлгісін ұсынады.

Түйін сөздер: Абай мұрасы, бала дискурсы, медиалингвистика, когнитивтік прагматика, лингвоконцептология

DOI: <https://doi.org/10.71078/zc3qqx29>

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

XXI ғасырда медиамәдениет тек ақпарат көзі емес, сонымен қатар ұлттың рухани болмысы мен тілдік санасын қалыптастырудың қуатты тетігіне айналды. Әсіресе балаларға бағытталған анимациялық медиатекстер жас ұрпақтың дүниетанымын, ізгілік бағдарын және тілдік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр. Бала қабылдауының призмалық сипаты, яғни визуалды, интонациялық және қарапайым тілдік формалар арқылы ақпаратты сіңіру қабілеті, мультфильмдерді когнетивтік-прагматикалық дискурс құралы ретінде қарастыруға негіз болады (Vygotsky, 1991;

Tomasello, 2003).

Ұлттық рухани сабақтастықты қамтамасыз етуде Абай Құнанбайұлының мұрасы – қазақтың тілдік мәдени және этикалық кодының іргетасы. Абайдың «Толық адам» ілімі, сондағы «қайрат, ақыл, жүрек» үштігі, «ар-намыс», «ғылым», «адам болу» секілді концептілер тек поэтикалық категориялар емес, сонымен қатар қоғамның ізгілік-этикалық бағдарын қалыптастыратын дүниетанымдық үлгілер. Зерттеуші З. Ахметовтің пайымдауынша, Абай тілі – «қазақтың моральдық философиясының лингвистикалық моделі» (Ахметов, 1995). Бұл концептілер бүгінгі медиатілдік дискурста ерекше мәнге ие, себебі олар баланың этикалық түсінігін бейсаналық түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің басты мақсаты – Абай Құнанбайұлының лингвистикалық және философиялық мұрасын қазіргі қазақ анимациялық медиамәтіндерінде қалайша бейімделіп берілетінін медиалингвистикалық тұрғыда анықтау. Атап айтқанда, зерттеу Абай концептерінің («ақыл», «жүрек», «қайрат», «ар», т.б.) когнитивтік, семиотикалық және прагматикалық құралдар арқылы балаларға бағытталған дискурста көрінісін саралауға бағытталған. Сонымен қатар медиатілдік трансформация нәтижесінде ұлттық-рухани кодтардың сақталу деңгейін бағалау да басты міндеттердің бірі болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Ғылыми зерттеу сапалық сипаттағы лингвистикалық және медиасемиотикалық әдістерге негізделген. Зерттеу нысаны ретінде 2010-2023 жылдар аралығындағы шыққан қазақ анимациялық мультфильмдер таңдалды. Бұл туындылар ұлттық философия мен Абай мұрасын бала дискурсы арқылы бейнелеуге ұмтылған медиамәтіндер ретінде қарастырылды.

Мультфильмдерді іріктеуде келесі критерийлер негізге алынды:

- Абай шығармаларымен идеялық үндестік;
- Ұлттық ұғымдарды (ақыл, жүрек, қайрат, ар-намыс, еңбек) бейнелеу;
- Балаға бағытталған тілдік стиль мен синтаксистік қарапайымдылық;
- Мультимодальдылық – вербалды, визуалды, дыбыстық және интонациялық элементтердің үйлесімі.

Зерттеу барысында төмендегі әдістер қолданылды:

1. Контент талдау – мультфильм мәтіндеріндегі лексикалық бірліктер мен моральдық ұғымдарды жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы Абай концептерінің қарапайым формада ұсынылатыны, яғни күрделі философиялық ұғымдардың бала тіліне бейімделіп, қысқа, түсінікті, эмоционалды сөз тіркестері мен репликаларға айналуы анықталды. Мысалы, Абайдың «Толық адам» концепциясы «жақсы бол», «шындықты айт», «еңбек ет» сияқты кеңес немесе үндеу түріндегі қысқа сөйлемдермен көрініс табады. Бұл репликалар семантикалық жағынан терең болғанымен, формалық жағынан жеңіл әрі қабылдауға оңай құрылымдар арқылы бала аудиториясына бағытталған.

2. Дискурстық талдау – кейіпкерлер арасындағы диалог, сөйлеу интенциясы және прагматикалық құрылымдарды талдауға бағытталған. Бұл тәсіл Т.Г. Добросклонская (2008), van Dijk (1997), Gee (2011) теориялық модельдеріне сүйене отырып жүзеге асырылды. Аталған модельдер дискурстың құрылымына көпдеңгейлі жүйе ретінде қарастырылып, тілдік бірліктердің тек семантикалық емес, сондай-ақ контекстік, прагматикалық және идеологиялық аспектілерде де әрекет ететінін көрсетеді. Зерттеу барысында дискурстық бірліктер (реплика, үндеу, кеңес, сұрақ-жауап құрылымы) мультфильм мәтінінен оқшауланып алынбай, нақты жағдаяттық контексте қарастырылады: кейіпкердің рөлі, мақсат-мүддесі және коммуникациялық бағыты ескерілді. Осы арқылы Абай концептілерінің балаға қалай бейімделіп ұсынылатыны

(мысалы, «ақыл» сөзінің дидактикалық рөлде немесе «жүрек» сөзінің эмоциялық реңкте қолданылуы нақты анықталды. Сонымен қатар сөйлеу интенциясы мен визуалды-фонетикалық кодтар (интонация, бет-әлпет, әреке) өзара қабаттасуы бала дискурсының семиотикалық құрылымына ықпал етуі көрсетілді.

3. Прагматикалық актілерді талдау әдісі мультфильмдердегі кейіпкерлер арасындағы коммуникациялық әрекеттерді сөйлеу актілері теориясы негізінде (Austin, 1962; Searl, 1969) саралауға мүмкіндік береді. Яғни, кейіпкерлердің репликалары әлеуметтік және мәдени мағынаны қалай қалыптастырады деген сұрақ төңірегінде талданады. Зерттеуде сөйлеу актілері келесі функционалды типтерге бөлінді: дериктив (бұйыру, кеңес беру), репрезентатив (дерек беру, пайымдау), экспрессив (эмоция білдіру), комиссив (уәдеберу) және декларатив (әлеуметтік мәртебе немесе рөлді айқындау). Мысалы, «Жақсылық жаса!» тіркесі дерективтік акт, ал «Сен енді батырсың!» («Ер Төстік» мультфильмі) – декларатив. Осы тәсіл арқылы мультфильм кейіпкерлерінің сөзі бала қабылдауына әсері анықталды.

4. Когнитивтік бейімделу модельдері Fauconnier & Turner (2002) ұсынған концептуалды араласу теориясына сүйене отырып, зерттеу жұмысында мультфильмдерде ұсынылған идеялар мен концепттердің бала танымында бейімделуі қарастырылды. Бұл модель үш когнитивтік деңгей бойынша жүзеге асады:

- Дидактикалық деңгей – тікелей кеңес беру арқылы;
- Сюжеттік деңгей – кейіпкердің әрекеті арқылы үлгі көрсету;
- Метафоралық деңгей – бейнелік, символдық формада жеткізу (мысалы, Абайдағы «жүректің жарығы» бейнесі).

Бұл деңгейлер Абай іліміндегі «Ақыл – Жүрек – Қайрат» концепттерінің баланың когнитивтік жүйесіне сіңірілуін түсіндіруге мүмкіндік береді.

5. Медиасемиотикалық кодтау – мультфильмдегі вербалды, визуалды және интонациялық кодтардың өзара әрекеттестігін жүйелеу мақсатында медиасемиотикалық карта әдісі қолданылды. Аталған әдіс арқылы концепттер әртүрлі құрал арқылы репрезентацияланатыны анықталды. Мәселен, концепт Ақыл болса, ал оның вербалды формасы «Ақылды бол!», визуалды образы – Дана ақсақал, оның интонациясы – сабырлы нұсқаушы. Көрсетілген модель бойынша баланың когнитивтік моделін қалыптастыруда семиотикалық құралдар жиынтығын анық көруге болады. Бұл тәсіл баланың қабылдауында ұлттық идеялардың рәміздік түрде бекітілуін сипаттауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған әдістердің үйлесімді қолданылуы Абай мұрасын бала дискурсына медиатілді бейімдеудің күрделі құрылымын ашып көрсетуге негіз болды. Әдіснамалық талдау барысында төрт теориялық бағыт – медиалингвистика, бала дискурсы, когнитивтік прагматика және лингвоконцептология – бір-бірін толықтырумен қатар, мәдени мағынаны жеткізудегі өзара тартысты ұстанатындығы да анықталды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Жұмыста Добросклонская (2008), Қ. Есенова (2018), Gençalp (2019), Topuzkanamış (2021), Türk (2023) сынды авторлардың медиатілді зерттеулері, сондай-ақ Al-Harbi (2015), Zimmerman және басқалары (2007), Linebarger & Vaala (2010) сынды балалар тіліне арналған халықаралық еңбектер қамтылды. Олардың пайымдауынша, медиафакторлар бала тілін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл еңбектер қазіргі қазақ анимациясындағы Абай ілімі бейімделуінің халықаралық контекспен үндесуін дәлелдейді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ анимациялық индустриясы соңғы онжылдықта маңызды сапалық серпіліс жасады. «Balapan» телеарнасында ұсынылатын отандық мультфильмдер фольклорлық,

эпостық және тарихи желілерге негізделіп, ұлттық таным мен құндылықтарды мультимедиялық форматта жеткізуді мақсат етеді. Бұл туындыларды Абайдың идеялық тікелей емес, символдық әрі дискурстық формат көрініс тауып отыр. Мысалы, «Күлпаш» мультфильмінде кейіпкердің тәрбиелік сөзі мен үлгі әрекеті арқылы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» идеясы бейнеленеді. Ал «Мұзбалақ» анимациялық мультфильмінде 17-қара сөздің «қайрат, ақыл, жүрек» ұштағаны бас кейіпкерді сан түрі алмастырады. Сондай-ақ зерттеу барысында ұсынылған Абайдың ұштаған концептісіне негізделген сценарийлік модель аясында кейіпкерлердің рөлдік жүйесі анықталады:

Кесте 1

Концепт	Кейіпкер түрі	Қызмет
Ақыл	Даналық сөз айтушы	Жол көрсету, шешім ұсыну
Жүрек	Анасын/үлкенді тыңдаушы	Жанашырлық, қамқорлық
Қайрат	Батыр, әрекет етуші	Іске көшу, кедергіні жеңу

Бұл модель мультфильм сюжеттерінде ізгілік пен құндылық бағдарына апарады. Мысалы, «Ер Төстік» мультфильмінде кейіпкердің шешімі осы үштік негізінде қабылданады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің мақсаты – Абай Құнанбайұлының тілдік-философиялық мұрасының балаларға арналған қазақ анимациялық фильмдерінде қалай бейімделіп беріліп жатқанын медиалингвистикалық тұрғыдан талдау, бала дискурсына тән тілдік-грамматикалық ерекшеліктер арқылы бұл үрдістің ықпал ету формаларын анықтау. Зерттеудің өзектілігі – анимациялық медиатекстердің ұлттық сана мен рухани кодты жаңа формада сіңіру құралына айналғанын ғылыми тұрғыдан сипаттауда жатыр.

Гипотеза ретінде Абай мұрасы мультимодальды медиамәтіндерде когнитивтік және прагматикалық бейімделі арқылы бала дискурсына сіңіріліп, ұлттық-рухани сабақтастықты сақтайтын дискурстық орта түзеді деген тұжырым алынды.

Зерттеудің теориялық іргетасы төрт өзара сабақтас ғылыми бағытқа негізделеді: медиалингвистика, бала дискурсы, когнитивтік-прагматика және Абай мұрасын визуалды, дыбыстық және тілдік түрде ұсыну арқылы ұлттың рухани кодының сақталуына үлес қосып жатыр деген тұжырым қалыптасқан. Алайда бұл үрдістің артында қандай әдіс жатыр? Абай концептері шын мәнінде бейімделіп отыр ма, әлде медиалық жүйеде жаңадан репликацияланып жатыр ма? Бұл сұрақ тек тілтанулық немесе мәдени сипаттама емес, әдіснамалық тереңдікті талап ететін ғылыми мәселе.

Мақалада қолданылып отырған төрт негізгі теория – медиалингвистика, бала дискурсы, когнитивтік-прагматика және лингвоконцептология – бір қарағанда өзара толықтыратын жүйе сияқты. Алайда олар мәдени мағынаны жеткізу үрдісінде бір-біріне қарама-қайшы қызмет атқарады. Демек «теориялық тетіктегі» төрт әдістің өзара тартысы байқалады.

Алдымен осы теориялардың бала анимациясындағы рөлін қарастырып көрейік. Медиалингвистика қазіргі заманғы медиамәдениеттің және тілдің тоғысында қалыптасқан пәнаралық сала ретінде, түрлі теориялық ұстанымдармен сипатталады. Бұл бағыттың орыс тілі біліміндегі өкілі Т.Г. Добросклонская: «Медиатекст – это форма. Его содержание вторично, важнее его структура, модальность, типологические особенности» (Добросклонская, 2008: 34). Демек ғалым медиатілді ең алдымен семиотикалық жүйе, яғни визуалды, графикалық, ритмдік және интонациялық құрылымдардың жүйелі ұйымдасуы ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, медиамәтіннің ең маңызды аспектісі – формасы мен құрылымдық ерекшелігі, ал мұзмұн – екінші қатарда. Бұл көзқарас мультимодальдылықты техникалық-поэтикалық өлшемде талдауға мүмкіндік береді. Медиатілдің формалық және визуалды сипатын бала тілін дамытуға қатысты зерттеулер де растайды. Мәселен, «The Influence of Media in Children's Language

Development» (2022) атты халықаралық зерттеуде визуалды және аудиалды сигналдардың баланың синтаксистік және прагматикалық құрылымдарды игеруіне әсер ететіні дәлелденген. Авторлар баланың медиадискурсты қабылдауы тек тілдік кодпен емес, сонымен бірге интонация, бет-әлпеті мен дыбыс арқылы да іске асатынын нақтылайды. Бұл медиатілдің құрылымдық формалары – мысалы, мультфильмдегі кідіріс (пауза), кадр ауыстыру немесе ритм – тілдік бірліктердің мағынасын арттыра түсетін қосымша когнитивтік фактор ретінде қарастырылады. Осылайша, Т.Г. Добросклонская ұсынған медиатілді «форманың жүйесі» ретінде сипаттау, бала дискурсының мультимедиялық қабылдау ерекшеліктерімен толық сәйкес келеді.

Ал қазақ медиалингвистикасындағы жетекші зерттеушілердің бірі Қ.Ө. Есенова бұл саланың фокусын прагматикалық-аксиологиялық өлшемге қарай бұрады. Оның пікірінше, медиамәтінді формалық талдау жеткіліксіз, өйткені «медиамәтіннің» шынайы қызметі – қоғаммен прагматикалық байланыс орнату, тыңдаушының/көрерменнің жауабын болжау және құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Қ. Есенова БАҚ тіліне дискурстық әрекет ретінде қарап, оны экспрессиялық, бағалауыштық және әрекеттік сипатта зерделеу керектігін алға тартады (Есенова, 2018). Ғалымның осы ұстанымы қазақ анимациясындағы рухани концепттердің (Абай ілімі) қайта кодталуын түсіндіруге маңызды бағыт ұсынады.

Осылайша, Добросклонская мен Есенова ұстанымдарының арасындағы көрініп тұрған теориялық айырмашылық – медиамәтінге деген көзқарастың бағытына негізделген: бірі визуал мен құрылымды семиотикалық құрал ретінде қараса, екіншісі оны мәдени-прагматикалық ықпалдың арнасы ретінде түсіндіреді. Алайда бұл екі тәсіл бір-біріне қарама-қайшы емес, керісінше, бірін-бірі толықтырып, қазақ анимациясындағы Абай мұрасын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Қазақ мультфильмінде «Жақсы адам бол!» тәрізді репликалардың интонациялық және визуалды аспектілерін талдау Добросклонская моделіне сай келсе, осы сөздің бала санасына тигізетін ізгілік және тәрбиелік ықпалын зерттеу – Есенова бағытының көрінісі. Сондықтан қазіргі медиалингвистикада осы екі парадигманы синтездеп қолдану – ұлттық семиотиканың, мәдени кодтардың және бала дискурсының трансформациясын толыққанды ашудың ең нәтижелі әдіснамалық жолы.

Балаларға арналған медиаконтенттің мазмұнын түсіну үшін, ең алдымен, оның қандай тілдік моделге негізделгенін анықтау қажет. Бұл тұрғыда бала дискурсы – ерекше прагматикалық сипатқа ие құбылыс ретінде қарастырылады. Бала дискурсы – баланың когнитивтік және эмоциялық қабылдауына бейімделген тілдік жүйе ретінде қарапайым синтаксистік құрылымдарға, интонациялық мәнерге және қайталануға сүйенеді. Л.С. Выготский (1934) бала тілінің алдымен эмоциялық қатынас құралы екенін көрсете отырып, оның күрделі ұғымдарды тек призмалық, яғни интонация мен визуал сигналдар арқылы түсінетінін атап өтеді. М. Томасселло (2003) да бала тілін үйрену тек грамматикалық үлгі емес, мәдени-прагматикалық әрекет ретінде жүретінін дәлелдеген. Демек, аталған ғылыми негіздерге сүйенсек, бала дискурсы – тек коммуникативтік құрал емес, мәдени кодтардың ықшам тасымалдаушысы. Бірақ дәл осы ықшамдық күрделілік деңгейін төмендетіп, семиотикалық функцияға алып келеді.

Осы тұжырымдар Al-Harbi (2015) жүргізген зерттеумен де үндеседі. Автор бала тілінің дамуына медианың ықпалы туралы зерттеу отырып, экрандық контент тек сөздік қорды пассивті түрде қабылданатынын, ал бұл сөздердің белсенді қолданылуы тек интерактивті контексте – ата-аналармен немесе әлеуметтік ортадағы өзара әрекет кезінде жүзеге асатынын дәлелдейді (Zimmerman et al., 2009). Сонымен қатар мазмұнның балалардың күнделікті өмірмен үндес болуы, сөйлеу құрылымдарының қарапайым әрі қайталмалы болуы тілдік кодтарды жеңілдетіп қабылдауға жағдай жасайды (Linebarger & Vaala, 2010). Демек, бала дискурсының медиалингвистикалық табиғатын – эмоциялық

және когнитивтік ерекшеліктерге бейімделген мультимодальды құрылым ретінде қарастырудың ғылыми негізін кеңейтеді.


Түрік зерттеушісі Н. Gençalp (2019) мультимодальдықты әлеуметтік медиадағы визуал, дыбыс және мәтіннің бір-бірімен тоғысу үрдісін сипаттаған. Зерттеушінің тұжырымынша, мультимодал кодтар – тек ақпарат жеткізу емес, қабылдаушының когнитивтік үлгісіне әсер ететін құрылым. Бұл пікір қазақ анимациясында Абай концептерінің визуалды және дыбыстық символдармен берілуі арқылы баланың түсіну деңгейіне сай бейімделуін нақтылайды. Сонымен қатар Е. Toruzkanamış (2021) бала дискурсына арналған мәтіндерде қарапайым синтаксис, дериктив құрылымдар және қайталау тетіктерінің басым болатынын дәлелдейді.

AS Türk (2023) жүргізген анимациялық кейіпкерлердің семиотикасына арналған зерттеуінде, кейіпкер бейнесі – балаға арналған мәдени код таратушы рөлін атқаратыны көрсетіледі. Автордың ұстанымы Абай концепттерін батыр, дана, ана бейнелері арқылы жанама символдар ретінде ұсынатын қазақ анимациясымен мазмұндық тұрғыда үйлеседі. Сонымен бірге, Emine Ulu (2020) зерттеуі бала әдебиетінде табиғат бейнесінің тұлғалық бейнесінің тұлғалық дамуға әсер ететінін негіздеген. Бұл қазақ анимациясында Абайдың табиғатқа байланысты моральдық концепттерін (жарық, кңістік, өсімдік бейнесі) балаға метафоралық формада беру тәсілдерімен үндес.

Жалпы алғанда, түрік зерттеулері балаға бағытталған медиамәтіндерде формалық, когнитивтік және семиотикалық бейімделу тетіктерін теориялық жағынан байытады. Қазақ анимациясында Абай мұрасын бейімдеу кезінде осы тәсілдермен ұқсас механизмдер қолданылады, алайда айырмашылығы – қазақ контекстінде бейімделу тек визуалды-эстетикалық емес, ұлттық философия мен мәдени концепттердің трансформациясы ретінде жүзеге асады. Сондықтан да қазақ медиалингвистикасы осы трансформацияны сипаттауда тек құралды емес, мағыналық контексті ұрпақтық деңгейде пайымдау қажеттілігіне келіп тіреледі. Дегенмен, ұлттық философия мен мәдени концепттерді экран алдындағы бала қаншалықты түсінеді деген сұрақ та туындайды...

Мультимедиялық дискурстың мағыналық қабатына ашуда когнитивтік прагматиканың әдіснамалық үлесі ерекше орын алады. Аталған бағыт мағынаны тілдік формалардан емес, қабылдаушы сананың өңдеу процестерінен іздейді. Когнитивтік прагматика – таңдау, себеп-салдар логикасы, тиімділік ұғымдарын алға тартады (Sperber & Wilson, 1995). Мұндай модель балаларға арналған анимациялық мәтіндерде жиі қолданылады: ақпарат қысқа, эмоциялық түрде беріледі, қабылдау жеңілдетіледі. Алайда дәл осы амалдар Абайды - терең философиялық пайым мен ішкі күрделі рефлексия иесін - прагматикалық кеңес беруші кейіпкерге айналдырады. Ол балаға нақты нұсқау беретін «мораль машинасына» айналып, бастапқы идеялық контекстті сақтай отырып, баланың қабылдауына орай түрлі деңгейде түсінік қалыптасады.

Қазақ анимациясындағы Абай мұрасының бала дискурсына бейімделуі үш негізгі когнитивтік деңгейде жүзеге асады:



Балаға бағытталған медиамәтіндерде тіл, визуал және дыбыстық сигналдар синергетикалық түрде әрекет етеді. Бұл Абай мұрасын бейімдеуде өте тиімді құралға айналады. Т.Добросклонская (2008) медиатілді интонациялық және көрнекі құралдармен жеделдету медиадискурстың табиғи заңы екенін атап өтеді. Аталған тәсіл мультфильмнің мазмұнын бала когнитивіне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Fauconnier & Turner (2002) ұсынған концептуалды араласу теориясы бойынша, мультимедиялық сигналдар бір уақытта бірнеше мағынаны біріктіріп, семиотикалық кодты ықшам ыормада жеткізеді. Мысалы: «Жүрекпен тыңда» – репликасы визуалды түрде жарық шашумен қатар берілуі арқылы баланың эмоциялық қабылдауын арттырады.

Austin (1962) және Searle (1969) теориясына сүйене отырып, мультфильмдегі балаға арналған репликалары прагматикалық, функция бойынша келесіге бөлінеді:

Кесте 2

Акт түрі	Мысал	Қызметі
Репрезентатив	«Жақсылық қайтады»	Пайым, бекіту
Директив	«Жақсылық жаса!»	Ынталандыру, тәрбиелеу
Экспрессив	«Мен сені жақсы көремін!»	Эмоцияны жеткізу
Комиссив	«Мен енді жалқау болмаймын!»	Уәде беру
Декларатив	«Сен енді батырсың!»	Әлеуметтік рөлді айқындау

Берілген сөйлеу актілері бала танымына сай прагматикалық тілдік орта құруда маңызды рөл атқарады.

Қазақ анимациясындағы кейіпкерлік құрылымдар мен репликалар көбінесе Абай концептілерін когнитивтік-прагматикалық кодқа сай қайта ұсынады. Мысалы, «ақыл» ұғымы логикалық шешім қабылдаумен шектеліп, «жүрек» – тек мейірім символына айналады. «Қайрат» батырлық пен белсенділікпен теңестіріліп, ішкі моральдық күресті екінші орынға ысырады. Бұл дискурстық қайта құрулар баланың қабылдауына бейімделгенімен, ұлттық-философиялық тереңдікті семантикалық тұрғыдан шектейді. Демек, Абай ілімінің анимацияда бейнеленуі – мазмұнды жеңілдету арқылы қолжетімділікке ұмтылған, бірақ мағына күрделілігін тәуекелге тіккен медиалингвистикалық трансформация үлгісі.

Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ дүниетанымының концептосферасын қалыптастырады. З. Ахметов (1995), М. Мырзахметов (2006), Ж. Дадебаев (2021) еңбектерінде Абай тіліндегі негізгі концептілер – «Толық адам», «ақыл», «жүрек», «қайрат», «ар-намыс», «ғылым», «адам болу» – ұлттық мәдени-аксиологиялық кеңістіктің негізін құрайтыны көрсетілген.

Қазақ анимациясы арқылы абай мұрасын бала дискурсына бейімдеу барысында басты назар ұлттық концептосфераның тұтастығын сақтау мәселесіне аударылады. Демек, Абай іліміндегі негізгі ұғымдардың медиаформатта берілуі тек тілдік қарапайымдандыру емес, тұтас дүниетанымдық трансформация болып саналады.

М. Мырзахметов Абайдың философиялық жүйесін «Толық адам» концепциясы арқылы түсіндіріп, идеяны ұлттық рухани ілімнің өзегі деп таниды. Ол үшін «Ақыл – Жүрек – Қайрат» үштағаны адамның ішкі әлемін сипаттайтын аксиологиялық құрылым ретінде қарастырылады (Мырзахметов, 2006). Үш ұғымның бірлігі арқылы мінезі мен моральдық бағдарлары қалыптасады. Осыған байланысты Абай концептілерін медиамітінге енгізу кезінде мағыналық тұтастықты жоймай, оны көркем, ықшам және балаға түсінікті формада бейнелеу міндеті туындайды.

Ал Ж. Дадебаев Абай поэзиясының концептуалды поэтикасы мен рухани кодтық

жүйесін көрсетіп, Абай ұғымдарын тек лексикалық не синтаксистік құрылым емес, ұлттық ділдің символдық көрсеткіші ретінде қарастырады. Ғалымның айтуынша, Абай концептері – мәтін ішіндегі мағыналық энергетика мен ұлтық мазмұнды бір уақытта алып жүретін «семиосфералық өріс». Осы тұрғыда, Ж. Дадебаев Абай концептерін тілдік емес, семиотикалық деңгейде зерттеу қажеттігін алға тартады (Дадебаев, 2021).

Бұл екі ғалымның көзқарасын біріктіре отырып, зерттеу барысында мынадай тұжырым жасауға болады: Абай концептерін мультимедиялық форматқа бейімдеу үшін, оларды тек бала тілінің мүмкіндігіне бейімдеу жеткіліксіз. Қарапайым деректив немесе экспрессив формалар абайдың моральдық-философиялық тереңдігін толық жеткізе алмайды. Семантикалық тұтастықты сақтай отырып, концептерді бейне, интонация, сюжет және визуалды рәміз арқылы бейнелеуді кестеде бөліп көрсетілді:

Кесте 3

Концепт	Символдық репрезентация (Ж. Дадебаев)	Үшпаған моделі (М. Мырзахметов)	Мультимедиялық құрал
Ақыл	Ақ киімді дана кейіпкер	Жол көрсетуші қызметі	Сабырлы дауыс, баяу кадр
Жүрек	Ана бейнесі, жарық сәуле	Мейірім мен сезім көзі	Жылы интонация, қызғылт бояулы фон
Қайрат	Батыр тұлға	Іс-әрекет, шешім	Серпінді музыка, қимыл

Осылайша көрсетілген модель арқылы қазақ анимациясында Абай концептерінің семиотикалық бейімделу тәсілі ұсынылады. Бала дискурсы мен медиалингвистикалық құралдар арқылы ұлттық концептосферасының тереңдігін сақтай отырып беру – зерттеудің теориялық және практикалық жаңалығының бірі болып табылады.

Қорытынды

Ғылыми зерттеу нәтижелері Абай мұрасының қазіргі қазақ анимациялық медиамәтіндеріндегі бейімделуін бірнеше когнитивтік-прагматикалық деңгейде іске асыруға болатындығын көрсетті. Атап айтқанда, дидактикалық (тікелей кеңес беру), әрекеттік (кейіпкер шешімі мен мінез-құлқы арқылы) және метафоралық (символдық және визуалды бейнелер арқылы) деңгейлер баланың қабылдау ерекшеліктеріне сай жүзеге асырылып отыр. Бұл модельдер баланың танымдық және эмоциялық механизмдерін белсендірумен қатар, ұлттық концептілерді ықшам әрі түсінікті формада ұсынуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мақалада қолданылған медиалингвистика, бала дискурсы, когнитивтік прагматика және лингвоконцептология теориялары мәден мағынаны бейнелеуде бірін-бірі толықтырумен қатар, өзара әдіснамалық тартысқа түсетінін көрсетті. Бірі визуалды және интонациялық формаларға басымдық берсе (медиалингвистика), екіншісі мағыналық тұтастықты сақтауға ұмтылады (лингвоконцептология). Бала дискурсы ақпаратты қарапайым формада ұсынуға бағытталса, когнитивтік прагматика оның тиімді жеткізілу жолына назар аударады. Осы теориялар тоғысында Абай концептерінің семиотикалық бейімделуінің жаңа моделі қалыптасады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ анимациясы арқылы Абай шығармашылығын бала дикурсына бейімдеудің әлеуеті зор екенін, бірақ бұл үдеріс күрделі семиотикалық кодтауды және теориялық негізді қажет ететінін дәлелдеді. Ұлттық концептосфераны сақтап қалу – тек тілдік трансформация ғана емес, сонымен қатар мультимедиялық құрылымдағы мағынаны сақтау мен қайта кодтау мәселесі екенін анық байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- Ахметов, З. (1995). *Абайдың ақындық әлемі*. Алматы: Ғылым.
- Дадебаев, Ж. (2021). *Абай поэзиясының концептуалды поэтикасы*. Алматы: Қазақ университеті.
- Добросклонская, Т.Г. (2008). *Медиалингвистика: системное описание медиадискурса*. Москва: ФЛИНТА.
- Есенова, Қ.Ө. (2018). *Қазақ медиамаәтінінің дискурстық табиғаты*. Алматы: Қазақ университеті.
- Мырзахметов, М. (2006). *Абай және ұлттық идея*. Алматы: Ана тілі.
- Al-Harbi, S. (2015). The impact of media on children's language development. *European Scientific Journal*, 11(17), 51–58.
- Austin, J.L. (1962). *How to Do Things with Words*. Oxford: Clarendon Press.
- Fauconnier, G., & Turner, M. (2002). *The Way We Think: Conceptual Blending and the Mind's Hidden Complexities*. New York: Basic Books.
- Gençalp, H. (2019). Mediated Multimodal Discourse in Social Media. *Turkish Online Journal of Design Art and Communication*, 9(3), 421–432.
- Linebarger, D.L., & Piotrowski, J.T. (2009). Television as storyteller: How exposure to television narratives impacts at-risk preschoolers' knowledge of story structure and narrative skills. *British Journal of Developmental Psychology*, 27(1), 47–69.
- Linebarger, D.L., & Vaala, S.E. (2010). Screen media and language development in infants and toddlers: An ecological perspective. *Developmental Review*, 30(2), 176–202.
- Roseberry, S., Hirsh-Pasek, K., & Golinkoff, R. M. (2009). Live action: Can young children learn verbs from video? *Child Development*, 80(5), 1360–1375.
- Searle, J.R. (1969). *Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language*. Cambridge University Press.
- Sperber, D., & Wilson, D. (1995). *Relevance: Communication and Cognition* (2nd ed.). Oxford: Blackwell.
- Tomasello, M. (2003). *Constructing a Language: A Usage-Based Theory of Language Acquisition*. Harvard University Press.
- Topuzkanamış, E. (2021). Child Language and Educational Discourse: Structural Repetition Patterns in Turkish Educational Texts. *Turkish Journal of Education*, 10(1), 12–21.
- Türk, A.S. (2023). The semiotic role of animated characters in children's media. *International Journal of Social Humanities Sciences Research*, 10(1), 88–102.
- Ulu, E. (2020). Representation of Nature in Children's Literature and Its Effects on Character Development. *Journal of Language and Literature Education*, 6(2), 34–42.
- Vygotsky, L.S. (1991). *Thought and Language*. Cambridge, MA: MIT Press.
- Zimmerman, F. J., Christakis, D. A., & Meltzoff, A. N. (2007). Associations between media viewing and language development in children under age 2 years. *Journal of Pediatrics*, 151(4), 364–368.

References

- Akhmetov, Z. (1995). *Abai's poetic world*. Almaty: Gylym. [in Kazakh].
- Al-Harbi, S. (2015). The impact of media on children's language development. *European Scientific Journal*, 11(17), 51–58.
- Austin, J. L. (1962). *How to do things with words*. Oxford: Clarendon Press.
- Dadabaev, Zh. (2021). *Conceptual poetics of Abai's poetry*. Almaty: Kazakh University. [in Kazakh]
- Dobrosklonskaya, T. G. (2008). *Medialinguistics: A systematic description of media discourse*.

Moscow: FLINTA. [in Russian]

Esenova, Q. O. (2018). *Discursive nature of Kazakh media texts*. Almaty: Kazakh University. [in Kazakh]

Fauconnier, G., & Turner, M. (2002). *The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities*. New York: Basic Books.

Gençalp, H. (2019). Mediated multimodal discourse in social media. *Turkish Online Journal of Design Art and Communication*, 9(3), 421–432. [in Turkish]

Linebarger, D.L., & Piotrowski, J.T. (2009). Television as storyteller: How exposure to television narratives impacts at-risk preschoolers' knowledge of story structure and narrative skills. *British Journal of Developmental Psychology*, 27(1), 47–69.

Linebarger, D.L., & Vaala, S.E. (2010). Screen media and language development in infants and toddlers: An ecological perspective. *Developmental Review*, 30(2), 176–202.

Myrzakhmetov, M. (2006). *Abai and the national idea*. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]

Roseberry, S., Hirsh-Pasek, K., & Golinkoff, R.M. (2009). Live action: Can young children learn verbs from video? *Child Development*, 80(5), 1360–1375.

Searle, J.R. (1969). *Speech acts: An essay in the philosophy of language*. Cambridge: Cambridge University Press.

Sperber, D., & Wilson, D. (1995). *Relevance: Communication and cognition* (2nd ed.). Oxford: Blackwell.

Tomasello, M. (2003). *Constructing a language: A usage-based theory of language acquisition*. Cambridge, MA: Harvard University Press.

Topuzkanamış, E. (2021). Child language and educational discourse: Structural repetition patterns in Turkish educational texts. *Turkish Journal of Education*, 10(1), 12–21. [in Turkish]

Türk, A. S. (2023). The semiotic role of animated characters in children's media. *International Journal of Social Humanities Sciences Research*, 10(1), 88–102. [in Turkish]

Ulu, E. (2020). Representation of nature in children's literature and its effects on character development. *Journal of Language and Literature Education*, 6(2), 34–42.

Vygotsky, L. S. (1991). *Thought and language*. Cambridge, MA: MIT Press.

Zimmerman, F.J., Christakis, D.A., & Meltzoff, A.N. (2007). Associations between media viewing and language development in children under age 2 years. *Journal of Pediatrics*, 151(4), 364–368.

Ainur Abdykadyrova¹, Osman Yıldız²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Süleyman Demirel University, Isparta, Turkey

(e-mail: aikusian@mail.ru)

Abai's Legacy in Kazakh Animation: Medialinguistic Adaptation and Child Discourse

Abstract. This article presents a comprehensive analysis of the adaptation of Abai Qunanbaiuly's linguistic and philosophical legacy in contemporary Kazakh animated media texts through the lens of mediallynguistics and cognitive pragmatics. The relevance of the study lies in the growing role of animated media as an emotionally engaging and aesthetically effective tool for transmitting national and spiritual codes to children. The aim of the research is to identify how Abai's key concepts (*mind, heart, will, honor, labor, being human*) are represented in multimedia discourse using semiotic, intonational, and cognitive mechanisms.

The methodology is based on qualitative analysis incorporating content analysis, discourse and pragmatic act examination, media-semiotic mapping, conceptual blending theory, and a linguo-conceptual approach. The analyzed data includes domestic animated films broadcast on the Balapan channel such as *Muzbalaq*, *Kulpash*, *The Shepherd and the Thief*, and *Er*

Tostik. The findings demonstrate that Abai's philosophical legacy is adapted at three levels: didactic – through direct speech acts like advice and commands; behavioral – through the character's actions and decisions; and metaphorical – via symbolic, intonational, and visual representations.

Furthermore, the study reveals a methodological tension between four key theoretical frameworks: mediallynguistics, child discourse, cognitive pragmatics, and linguoconceptology. Each of these disciplines contributes differently to how content is received by children – some emphasize visuality and prosody, while others focus on preserving conceptual integrity. Ultimately, the study underscores the importance of multimedia adaptation as a semiotic system and offers a modern model for encoding national worldview and moral education.

Keywords: Abai's legacy, child discourse, mediallynguistics, cognitive pragmatics, linguoconceptology.

Айнұр Абдыкадырова¹, Осман Йылдыз²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Сулеймана Демиреля, Испарта, Туркия
(e-mail: aikusian@mail.ru)

Наследие Абая в казахской анимации: медиалингвистическая адаптация и детский дискурс

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируется процесс адаптации лингвистико-философского наследия Абая Кунанбайулы в современных казахских анимационных медиатекстах с позиций медиалингвистики и когнитивной прагматики. Актуальность исследования заключается в том, что анимационные медиатексты становятся одним из наиболее эффективных, эмоциональных и художественных инструментов для внедрения национально-духовных кодов в сознание ребёнка. Целью исследования является выявление способов репрезентации абаевских концептов («разум», «сердце», «воля», «честь», «труд», «быть человеком») в мультимедийном дискурсе через семиотические, интонационные и когнитивные механизмы.

Методология исследования основана на качественном анализе с применением контент-анализа, дискурсивных и прагматических актов, медиасемиотического картирования, теории концептуального смещения и лингвоконцептологических подходов. В качестве объектов анализа были выбраны казахстанские анимационные мультфильмы, транслируемые на канале «Balapan»: «Музбалақ», «Күлпаш», «Пастух и Вор», «Ер Төстік». Результаты показывают, что наследие великого мыслителя адаптируется на трёх уровнях: дидактическом – через прямые реплики типа совета или приказа, поведенческом – через действия и выбор персонажей, метафорическом – через визуальные и интонационные коды.

Кроме того, статья выявляет методологическое напряжение между четырьмя теоретическими основами: медиалингвистикой, детским дискурсом, когнитивной прагматикой и лингвоконцептологией, каждая из которых по-своему влияет на восприятие ребёнка. Одни акцентируют визуальные и интонационные элементы, другие – на сохранении концептуальной целостности. В итоге исследование раскрывает значимость мультимедийной адаптации как семиотического комплекса и предлагает современную модель кодирования национального мировоззрения и воспитания.

Ключевые слова: Наследие Абая, детский дискурс, медиалингвистика, когнитивная прагматика, лингвоконцептология.

Авторлар туралы мәлімет:

Абдыкадырова А.З. – докторант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9551-2719>

Йылдыз О. – доктор, Сүлеймен Демирел университетінің профессоры, Ыспарта, Түркия. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2250-0260>

Information about the authors:

Abdykadyrova A. – doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9551-2719>

Yildiz O. – doctor, professor Süleyman Demirel University, Isparta, Turkey. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2250-0260>

Сведения об авторах:

Абдыкадырова А.З. – докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9551-2719>

Йылдыз О. – доктор, профессор Университета Сулеймана Демиреля, Испарта, Турция. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2250-0260>